

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті  
Ғылыми кітапхана**

**АНЫҚТАМА – БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ**

**«АЗАТТЫҚ АҢСАҒАН АЛАШ»**

**библиографиялық көрсеткіш**



**Ақтөбе 2018**

«Азаттық аңсаған Алаш» атты библиографиялық көрсеткіш/ Құраст. Шаншарова Г.И. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. - 2018. – 17 бет.

Библиографиялық көрсеткіште «Алаш саяси партиясының 100 жылдығына» орай шығарылып отырған библиографиялық көрсеткіште елім, жерім деп арыстандай айбаттанып, «Оян, қазақ!» деп үн қатқан Алаш азаматтары, ардақты зиялыларымыз кешегі қызыл империяның қанды тырнағына ілінген азаматтарымыздың ерен ерлігін жас ұрпаққа үлгі етіп, насихаттау мақсатында библиографиялық көрсеткішті оқырман қауымының назарына ұсындық.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспиранттар мен оқытушыларға арналған.

Құрастырған:  
библиограф

Шаншарова Г.И.

## «Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат»

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,  
Қазағым, енді жату жарамасты»

Мыржақып Дулатов

20 ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ысырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси жайға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін жаңа саяси әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді. Ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш – сан жағынан аз болғанымен, саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын. Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін Алаш қозғалысы атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады.

1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарқаралы хұзырхаты (петициясы) оның бағдарламалық құжаты болатын. Оны дайындағандар: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Жақып Ақбаев. Осы мезгілден бастап Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемлекеттік Дума жайындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады.

Бұл құзырхатты өз қолымен Петербургтағы үкімет орындарына тапсырушы Ә. Бөкейханов болды. Осыдан кейін алаш зиялылары қуғын - сүргінге ұшырады. Патшалық Ресей 1904 жылы қоныс аудару, жерге орналастыру басқармасын құрып, отарлау саясатын жалғастырды. Қазақтың көптеген құнарлы жерлерін тартып алып, келімсектерге берді.



Алаш партиясының басты мақсаты – қазақ еліне

өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамы жаңа өмір сұранысына сай өзгерту (модернизация), демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды. «Алаш» партиясын құрып, оның жұмыс істеу бағыты: соғысты тоқтату, ұлттық-аймақтық –федерациялық негіздегі демократиялық республика құру, әйелдердің еркектермен тең құқығы, көп әйел алушылық пен қалыңмалға қарсылық, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, міндетті және тегін жалпыға бірдей ана тілінде бастауыш білім беру мәселелері қаралып бекітілді. Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Тағдырлары қайғылы аяқталғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын жеп, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет, ал ардақты Алаш азаматтарының есімдері халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

**«Алашқа айбын болған арыстар»**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Ғасыр басындағы мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше бөліп көрсеткен еді.

### ***Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан*** ***(1866 – 1937)***



Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.03.1866 жыл, бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ші ауылы – 27.09. 1937 жыл Мәскеу) – көрнекті қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыдағы молданың қолына оқуға береді. Бірақ молданың оқуын қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысып, оны бітіргеннен кейін, 1879-1886 жж. Қарқаралы қаласының қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдары Омбыдағы 4 жылдық техникалық училищесін «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Осы жылдары ол студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе, солшылдардың көзқарасына бейім болды. Ә.Бөкейханов Ресей жандармерия басқармасының назарына студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің» қара тізіміне алынды. Жоғары оқу орнын ойдағыдай бітірген Әлихан Бөкейхан 1894 жылы Омбы қаласына қайта оралып, ондағы Орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болады. Оның шығармалары Омбыда шығып тұрған «Степной край» газетінде ғана емес, облыстық, аймақтық мерзімді басылымдарға, ғылыми жинақтарға жиі басылып тұрды. 1906 жылы Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Петербургте жарық көрген «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редкаторлық қызмет атқарды. Омбыда қызмет еткен жылдары оның қайраткерлік, педагогтық, ғалымдық, әдебиеттанушылық талантын жан-жақты ашып берді. Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын жан жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі.

1896 жылы орыстың императорлық География қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесі, 1901 жылы бөлімнің басқару комитетіне мүше болып сайланады. Тарих саласындағы жазып қалдырған елеулі мұралары – «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» атты монографиялары. Бірінші ұжымдық монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества»

атты көп томдық альманахтың «Киргизский край» деген XVII томына еніп, Санкт-Петербурдан жарық көрді. Шығармада Қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси-әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан. Сондай-ақ, Дала өлкесінің соңғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттайды, патша өкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттеген. «Киргизы» атты еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақпен 1910 жылы Санкт-Петербурдан басылып шығады.

Ә.Бөкейхан тұңғыш абайтанушы да болды. Абай жинағының жарық көруіне қалтқысыз қамқорлық жасады. Ол Абай қайтыс болған соң жеті айдан кейін, яғни 1905 жылы Семей қаласының Географиялық бөлімшесінің «Семипалатинский листогында» орыс тілінде Ә.Бөкейханның азалы ғұмырнамасын (некролог) жариялады. Абай өлкендері мен қара сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, жинақтың 1909 жылы Санкт-Петербургде басылып шығуына қол ұшын берген.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан өмірінде Семей қаласының алатын орны айрықша. 1896-1903 жылдары Семей және Ақмола облыстары уездерінде қазақ жер пайдалануын зерттеумен айналысқан Щербина экспедициясына қатысады. 1905-1907 ж. 1-орыс революциясының қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстың бел алып өрістеуіне айтарлықтай ықпалын тигізген аласапыран жылдар болды. Нәтижесінде, 1905 жылы Семей губерниясына қарасты Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрмеңкесінде Алаш көсемі Ә.Бөкейхановтың басшылығымен тұңғыш қазақ сиезі болып өтті. Патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы наразылық білдірген қазақ қоғамының бірнеше баптардан тұратын саяси талап-тілектері айтылатын «Қарқаралы петициясы» деп аталатын саяси құжаттың авторлары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев сынды ұлт зиялылары болды. «Қарқаралы петициясына» қатысы бар» деген күдікпен Ә.Бөкейхан Кереку, Омбы түрмелеріне қамалған еді. Алайда, ол 1906 жылы патшалық Ресейдегі I Мемлекеттік Думаға сайлау науқаны кезінде Семей облысы қазақтары атынан депутат болып ұсынылған Ә.Бөкейхан түрмеден босатылып, Семейде өз сайлаушыларымен жиын өткізеді.

Алайда, ел өміріндегі саяси толқулардан кейін патша өкіметі тарапынан Алаш ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерін қайта қуғындау басталып, 1908 жылы Әлихан екінші рет Семей түрмесіне қамалады. Бөкейханның Семейдегі саяси қызметінің ең бір маңызды кезеңі 1917 жылғы ақпан төңкерісімен тікелей байланысты болып келеді. 1917 жылы желтоқсанның 5-13-ы күндері Орынборда өткен екінші жалпықазақ сиезінде Алашорда үкіметі құрылғаны жарияланып, ал Алашорданың уақытша тұратын орны Семей қаласы болып белгіленді. Осы жылдары Семейде Алашорда үкіметінің ақ туын көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Жүсіпбек Аймауытов, Тұрағұл Абайұлы, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Жақып Ақбаев, Мұхтар Әуезов, Әбікей және Қаныш Сәтпаевтар, Ыдырыс Мұстамбаев тәрізді тағы басқа ұлт зиялылары жан аямай қызмет етті. 1917-1927 ж. Семейдің бұрынғы «Заречная Слободка» бөлігі Алаш қаласы болып аталып келді. Тек, 1927 жылдың 15 қыркүйегінде барып Семей қалалық кеңесінің шешімімен Алаш қаласы Жаңасемей болып өзгертілді.

Әлихан Бөкейхан 1918 жылдан бастап өзінің Алашорда үкіметінің төрағасы қызметіне байланысты Семейде тұрды. Ол Алашорда үкіметінің Ұлт Кеңесі, Семей облыстық кеңесі, облыстық және уездік Земство басқармалары, Алаш қалалық Думасы мен Алаш қалалық қоғамдық басқармасы тәрізді болашақ мемлекеттік басқару жүйелерін құруға қатысты қыруар істер атқарды. Сондай-ақ Алаш милициясы мен атты әскер полкін құруда да елеулі еңбек сіңірді. 1920 жылы тамыз айында қазақ автономиясын құру және оның аумағын белгілеу жұмысы қаралған комиссия отырыстары өтеді. Сонымен, ұлы күрескерлер пәтуаға келген қазақтың жері 1920 жылдың 26-тамызында «Қырғыз АКСР-ін құру және оның территориясын белгілеу туралы декрет» деген атпен баспасөзде жарық көрді.

1919-1920 жылдары жаңа үкіметтің белгілі жарлығы шығып, Алаш партиясының көсемдері мен саяси белсенділеріне «кешірім» жасалып, большевиктік қызметтерге жіберіле бастайды. Әлихан «Жалпы Сібір сиезі» атты мақаласында «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкімет» деп сипаттаған большевиктерге қызмет етуден бас тартады. Осы «оппозициялық қылығы» үшін 1920-1922 жылдары оған «буржуазиялық ұлтшыл» деген айдар тағылып, тергеулер жүргізіліп, айлап абақтыда отырды. Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханды елінен кетуге мәжбүр етіп, 1922 жылы Мәскеуге жер аударады. Мұнда ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері, 1926-1927 жылдары Ресей ҒА-ның ғылыми қызметкері болды. 1927 жылы Екіншілік комиссариатында профессор С.П.Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді сынға алады. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде Қазақстан Кеңестік Республикалар Одағы Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы «возглавлял контрреволюционную борьбу против Советской власти, установил связи с руководителями террористического центра в Казахстане и в Москве» деген жалған айыппен қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаған аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлын елінен тыс жерде – Мәскеуде өлім жазасына кесілсін деген үкім шығарды. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғары сотының қаулысымен әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

### Әдебиеттер:

1. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.122-128
2. Алаш. Алашорда: энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2009. – Б.108-109
3. «Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік мұраты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2016. – 481 б.
4. Бөкейханов Ә. Абай (Ибрагимъ) Кунанбаев // Записки Семипалатинского Подъотдела Западно-Сибирского Русского Географического Общества: Вып.3. – Семипалатинск, 1907. – С.1-8
5. Бөкейханов Ә.Н. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
6. Бөкейханов Ә.Н. Таңдамалы / бас ред.: Нұрғалиев Р. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 б.

7. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы: (Омбы-Қарқаралы – С-Петербор – Омбы). – Астана: Сарыарқа, 2009.

Т.1: 1889-1903. – 561 б.

Т. 2: 1904-1906. – 565 б.

Т.3: 1907-1913. – 555 б.

Т. 4: 1897,1905, 1906-1907. – 566 б.

Т.5: 1907,1913-1915: Омбы-Павлодар-Самар-С-Петербор. – 557 б.

## Құдайбердіұлы Шәкәрім (1858-1931)



Көрнекті ақын-ағартушы, Алаш қайраткері Құдайбердіұлы Шәкәрім 1858 жылы Семей облысының Абай ауданының Шыңғыстау бөктерінде туған. Шәкәрім Абайдың немере інісі, яғни оның туған ағасы Құдайбердінің ұлы. Өлеңдері мен жазбаларында 5 жасынан хат танығанын, 7 жасынан әкеден жетім қалғанын, қажы атасы Құнанбай мен ағасы Абайдың қамқорлығында өскенін айтады. Данышпан Абайдың тигізген ықпал-әсері туралы Ш. Құдайбердіұлы кейінірек: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сезіндім», - деп жазады. Осы дәйексөз Алаш қайраткерлеріне темірқазық болған бір негізді айғақтайды. Қаламгер ретінде қалыптаса келе Ш.Құдайбердіұлы араб, парсы, түрік, орыс тілдері арқылы әлемдік руханияттың тұнығынан су ішуге ұмтылады. «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың» деген ойында да ізгілік пен біліктің нышаны аңғарылады. Ақынның бүкіл шығармашылығы – ізденген, тазарған, өз иманы мен халық иманына қамқор да жауапкер жан сезімінің айнасы дерлік. Қаламгердің ағартушылық бағыттағы пәлсапалық, сыршыл, шыншыл өлеңдері («Қазақ айнасы», «Жолсыз жаза яки кез болған іс» жинақтарына кірген немесе колжазба күйінде жеткен), халық өмірінің қилы тарихынан сыр шерткен «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ-Айсұлу» жырлары, Шығыс тағылымын байыптаған «Ләйлі-Мәжнүн» аударма-дастаны, орыс тілінен тәржімелеген көркем аудармасын (А.Пушкиннің «Дубровскийі» мен «Бораны», Л.Толстойдың алты әңгімесі, Г.Б.Стоудың «Том ағайдың балағаны»), мұсылмандықтың әліппесі сынды «Мұсылмандық шарты» еңбегі, ұлт тарихының бір шетін түгендеген «Түрік, кырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», заманындағы түрлі ой ағымын бағамдаған «Үш анық» еңбегі – ХХ ғасырдың басындағы бірнеше буынның сауатын ашып, рухани көкжиегін кеңейтті. Ол 40-тан аса бере, шамамен 1898-1899 жылдары биік мұсылмандық парызын өтемекке қажылық сапарда болып қайтады. Стамбул, Мысыр, Араб елдерін аралап, ойына – ой, білігіне білік қосып келеді. Мұнан кейінгі жерде ақынның имани абыройы, білімі халқына бұрынғыдан да жақындай түседі. Жасы ұлғая келе ол дінді,



білімді елшілікпен толықтырды. Сондықтан да, тарихи 1917 жылы дана Абайдың қайтқан жасына шыққан (59 жас) ақынды Алаш қайраткерлері «Шәкәрім ақсақал» деп атады. Ш.Құдайбердіұлы мен Алаш қайраткерлері арасында тығыз байланыс болғанын дәлелдейтін дерек аз емес. Мысалы, ұлттың саяси қозғалысының серкесі Ә.Бөкейхан 1907 жылы ІІ Мемлекеттік Думаға депутаттыққа кандидат етіп Ш.Құдайбердіұлын ұсынған. Бірақ ақын өз орнын Т.Нұрекенұлына берген. Сондай-ақ, 1905-1906 жылдары Семейде Ә.Бөкейханның жетекшілігімен және қатысуымен өткен саяси жиындардың барлығына дерлік Ш.Құдайбердіұлы ұлт зиялыларының өкілі ретінде қатысқан. Ақын Алаш қайраткерлерінің ақыл және еңбек күшімен шыққан «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне белсене араласып, мақала, өлең жазып тұрған. Екі басылым арасында өзара пікірталас туғанда бітістіруші-дәнекер болғаны тағы бар. Ә.Бөкейхан 1914 жылы мұсылман сиезіне қатысты сериялық мақалаларында қазақ тілінің мықтылығын дәлелдегенде, Абайдың қатарында Ш.Құдайбердіұлының орнын айрықша атайды. «Қазақ» газетінде Алаш қайраткерлері Шәкәрімнің жарияланған кітаптарына оң баға беріп отырды. Бұл дәстүр төңкерістен кейін де жалғасып, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында», басқа да қайраткерлердің оқулықтары мен мақалаларында ақын шығармашылығы лайықты сөз етілді. 1917 жылы Ш.Құдайбердіұлы Алаш қозғалысының жуан ортасында жүрді. Алаш партиясын құру және Алаш автономиясын жариялау шарасына даярлық ретінде облыстарда қазақ сиездері ұйымдастырылғанда, ақын өз өңірінде (Семейде) 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткен жиынға қатысып, сөз сөйлейді. Ш.Құдайбердіұлы Алаш Орда үкіметі жарияланатын 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен ІІ жалпықазақ сиезіне арнайы шақырылады. Алаш партиясының Семей облыстық комитетіне ақынның өзіне жақын тартқан 4 шәкірт-інісінің (А.Қозыбағарұлы, Т.Абайұлы, Х.Ғаббасұлы, А.Молдабайұлы) кіргені де біраз жайды аңғартса керек. Осы тұста ол: «Оқыған жастың етегін, Қабыл алдым жетегін, Босқа жатып нетемін» деп жазды. 1917 жылы қараша-желтоқсан айларында земство сайлауы болғанда, Ш.Құдайбердіұлы Семей уездік земствосына Шыңғыс болысынан сайланады. Ертерек, 1878-1880 жылдары Шыңғыстаудың болысы болып, ел билеу ісін тәжірибесімен өткерген ақын жаңа заманның да билігін көреді. Облыстық земствоға бірнеше рет қатысады. М.Боштайұлы басқарған облыстық қазақ сотының мүшесі болады. Осы шамада аталған сот земство мәртебесі аясында Алаш Орданың атынан сот билігіне қатысып отырғанға ұқсайды. Біраз зерттеушілер «Алаш Орданың қазысы, биі болды» деуі сондықтан. Ахат Шәкәрімұлы естеліктерінде де осындай мәлімет бар. 1918 жылы Алаш қаласында большевиктер қолынан қапыда қаза болған ұлт сардары Қ.Нұрмұхамедұлының жаназасында Ш.Құдайбердіұлы «Өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен дәлелдеді. ... Құдай тағала қазаққа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті» деп аталы сөзін айтты. 1919-1931 жылдары ақын біраз уақыт шығармашылықпен айналысып, «Таң», «Қазақ тілі» басылымдарымен араласып тұрады. 1924 жылы Германиядан келген профессор М.Кучински Қ.Кемеңгерұлының жол бастауымен Құдайбердіұлымен дидарласады. 1930 жылы үлкен ұлы Ғафур Семей түрмесінде қорлықпен қаза болғанда, ақын Шақпақтыдағы қыстауында өмірден баз кешіп, кайғымен жатып қалады. ОГПУ мұнда да тыныштық бермейді. Оның «Елсізде қалған мен бір шал» дейтіні – осы шақ. 1931 жылы 2 қазанда ауданға бет алып келе

жатқан ақынды ОГПУ қаныпезерлері екі рет атып, мерт қылады. Құркұдыққа тасталған оның сүйегін баласы Ахат 1961 жылы аршып алып, мұсылман ғұрпымен Абай зиратының қасына қайта жерлейді.

### Әдебиеттер:

1. Құдайбердіұлы Шәкәрім // Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. – Алматы: Сардар, 2014. – б. 280-283
2. Еспенбетов А.С. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт: Монографиялық зерттеу.- Алматы: «Раритет», 2008. – 230 б.
3. Мұхамедханұлы Қ. Ш. Шаһкәрім // Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том.- Алматы: Алаш, 2005.- б.267-316
4. Мұхаметқанұлы Қ. Шаһкәрім // Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-том.- Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2006. – б.48-100
5. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 1-т.-Алматы: Раритет, 2007.-448 б.
6. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2-т.-Алматы: Раритет, 2007.-376 б.
7. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 3-т.-Алматы: Раритет, 2007.-376 б
8. Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 4-т.-Алматы: Раритет, 2007.-376 б.
9. Сәрсенбайқызы Ғ. Бар ғылымның түп атасы – Шәкәрім // Дидар. – 2008. – 16 қыркүйек
10. Сейсенұлы Д. Шәкәрім. Ғұмырнамалық баян. – Астана: Фолиант, 2007. – 264 б.

### Ахмет Байтұрсынов (1873-1938)



Ахмет Байтұрсынов (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) – Алаш қозғалысының көсемі, ұлттық ғылымның негізін салушы, ақын, аудармашы. Ахмет Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі – Байтұрсынов болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, Дала ережесін қазақ

елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылады. Оған тағылған айыпта: халық арасына іріткі салып, «өзін-өзі автономиялық басқару идеясын таратты, орыс пен қазақ арасында өшпенділік қоздыру ісімен айналысты» деп көрсетілген. ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлы қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборда 1910 -1917 жылдары тұрды. Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Осы қалада 1913-1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер-білімді игеруге шақырды.

А.Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру-жүз аралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлы бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 жылы 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ береді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына профессор қызметіне ауысады.

Ф.И.Голощекиннің нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңында тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі

жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынов ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1937 жылы 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді. Абақтыда отырған кезінде тергеушілердің қойған сауалына: «Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деп жауап қайтарған еді. Байтұрсыновтың алғашқы шыққан «Қырық мысал» (1909) кітабында Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жеткізсе, «Маса» (1911 ж.) кітабында ақынның азаматтық арман-мақсаты кестеленген. Ел тағдырының келешегіне алаңдаған ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының көсемі болды.

#### Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов Ахмет / Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – Б.90-96
2. Байтұрсынұлы Ахмет / Алаш қозғалысы. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2014. – Б.107-110
3. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі. Халықаралақ ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2013. – 416 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.3. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.4. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсемсөздер). – Алматы: “Ел-шежіре”, 2013. – 384 б.
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.5. “Ер Сайын”, “23 жоқтау” ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

**Міржақып Дулатұлы**  
**(1885—1935)**



Алаштың көрнекті қайраткері Дулатов Міржақып 1885 жылы 21 қарашада Торғайдың Қызбел деген жерінде дүниеге келген. Екі жасында анасынан, он екі жасынан әкесінен айырылып, Асқар ағасының қолында өседі. 1897 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қырғыз школына қабылданып, онда бес жыл оқиды. 1902-1904 жылдары Торғай уезінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1904 жылы Омбыда Ә.Бөкейхан және А.Байтұрсынұлымен танысады. Осы кезден бастап белсенді саяси күреске араласады.

Қарқаралы оқиғасынан соң, Ресей орталығында шындалуды көздейді. Ресейдегі кадет партиясының мүшесі ретінде 1906 жылы Петерборға аттанады. Осында мұсылман фракциясының және Еділ, Кавказ қайраткерлері ұйымдастырған жиындардың жұмысына қатысады. 1907 жылы Петербордағы татар газеті «Улфаттың» жанынан қосымша тұңғыш ұлттық рухтағы «Серке» газетін шығарысады. 1907 жылы Ресей қазақ секілді ұлттарды сайлану құқынан айырған еді. «Серке» осы мәселенің әділетсіздігін ашық айтқаны үшін жабылды. 1909 жылы Қазанның «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» атты кітабы шығады. Ұлттық манифестке баланған «Оян, қазақ!» пен тұңғыш қазақ романының авторы жаңа руханият ғимаратын тұрғызу шарасының жуан ортасында жүрді. Әдеби білімді өз бетінше алған Міржақып: «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді», – деген көзқарасты ұстанып, елге қызмет жасауға жұмылған жаңа руханияттың деңгейін көтеруге атсалысты. Қаламгердің әдеби-эстетикалық ой-тұжырымы ХХ ғасырдың басында жетекші күшке айналған – ұлтты ұйыстыру және өркендету идеясын тиянақ етуші ағымды байытты. ХХ ғасырдың басындағы ілгерішіл руханият үшін Абай – сапалық деңгейге көтерілудің рәмізі болғандықтан, Міржақып та бұл құбылысқа өзінше қарады. 1908 жылы татардың «Уақыт» газетіне жазған «Ибраһим ибн Құнанбайф» атты мақаласында ол Ресей құрамындағы түрік халықтарын ұлы ақын мұрасымен, ғұмырбаянымен таныстырады. Қаламгер мұнда Абайды елшіл ақын ретінде көрсете алған. «Тілі, оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті. ...

Адамшылық ой-қиялы өте таза, милләтшіл, елін-жерін сүйген кісі еді», дей отырып, Міржақып ақынның осы қасиетін көрсететін өлеңінен мысал келтіреді. Дулатовтың Абай туралы екінші мақаласы Абай қазасының он жылдығын еске алу орайында 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрді.

1909-1911 жылдары қайраткер Қызылжарда сот кеңесінде қызмет жасап, мұғалімдік жұмысын жалғастырады. 1910 жылы қайраткер-қаламгердің «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. 1911 жылы Семейге келген сапарында тұтқындалып, бір жарым жыл абақтыға жабылады. 1912 жылы Орынборға келіп, саяси күреске белсене араласады. 1913 жылы жарияланған «Азамат», 1915 жылы шыққан «Терме» атты өлең жинақтары Міржақыптың ақындық-азаматтық беделін елге аса елеулі етті. 1913-1918 жылдары ол «Қазақ» газетін шығарысуға атсалысады. Тарихтағы тұлға

рөліне ерекше назар аударған қайраткер 1914 жылы Шоқан Уәлиханов туралы көлемді мақала жазады. 1917-1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалысын жандандырып, Ресей халі ауырлағанда ел тәуелсіздігіне қатысты мәселемен шұғылданды. 1917 жылы маусым мен желтоқсанда шақырылған жалпықазақ сиездерінің жұмысына қатынасты. Кеңес өкіметі орнаған соң біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда қызмет жасады. 20-жылдың басында Ташкенттегі «Ақжол» газетінде, Семей сот мекемесінде жұмыс істеді. 1921 жылы Қазақ мемлекеттік баспасының бөлімін басқарды. Қайраткер 1922-1926 жылдары Орынборда Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО, 1920 жылы ашылған) ұстаздық етеді. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының мүшесі болады. Осыған қосымша Қазақстан мемлекеттік баспасында, «Еңбекшіл қазақта» қызмет атқарады. 1924 жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіне қатысып, сөз сөйлейді. Екі бөлімді «Есеп құралын», «Балқия» атты пьесасын, библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығарды. Кеңестік тоталитарлық жүйе оны 1928 жылы тұтқындады. 1930 жылы Ақтеңіз-Балтық каналының жұмысына жер аударды. Қайраткер 1935 жылы 5 қазанда Сосновец жерінде дүние салды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін сүйегі туған жеріне әкелініп жерленді.

#### Әдебиеттер:

1. Дулатов Міржақып // Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.159-161
2. Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс баспасы, 2009.- б.143-147
3. Дулатов М. Шығармалары: өлең, жырлар, әңгімелер, пьеса, көсемсөздер мен сын-зерттеу мақалалары. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 400 б.
4. Галиев В. З. Ұлтты оятқан кітап: Міржақып Дулатұлы және оның “Оян, қазақ!” кітабының ізімен. – Алматы: Мектеп, 2013. – 416 б.
5. Дулатқызы Г. М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.
6. Жолдасбеков М. Ахметті ардақтап, Міржақыпты үлгі етсек // Тәуелсіздік тағылымы. – Астана: Күлтегін, 2012. – б.303-308

## Мағжан Жұмабаев (1893-1938)



Жұмабаев Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысында (қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасықкөл жағасы) дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Атасы – Жұмабай қажы. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гүлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Һайям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді. Баспадан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, “Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға” деген өлең жазды. 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы “Ғалия” медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С.Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады. Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасында “Шолпан” атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. “Садақ” журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды. 1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. “Бірлік” ұйымы жұмысына белсене араласып, “Балапан” қолжазба журналын шығаруға қатысады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сынды Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, “Қазақ” газетіне өз өлеңдерін жариялайды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитеті құрамына сайланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. “Алаш” партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болды. “Үш жүз” партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1918-1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. 1919-1923 жылдары Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде, “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы “Батыр Баянды” жазып, жарыққа шығарады.

М.Жұмабаев 1927-1929 жылдары Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 жылы “Алқа” атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаумен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып,



Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 жылы наурызда М.Жұмабаев Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесіледі.

Ақын тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны “хакім” деп атады, ұлы ақынның “мың жыл жұтса дәмі кетпес” сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты, Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты.

### Әдебиеттер:

Жұмабаев М. Өлендер, дастандар, әңгіме. – Алматы: “Ан-Арыс”баспасы, 2009. – 314 б.


Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.3: Аудармалар, ғылыми, еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 232 б.

Жұмабаев М. Шығармалар: 3 Томдық. – Алматы: Білім, 1995. – 256 бет

Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: “Өлке”баспасы, 2013. – 384 б.

Жұмабаев М. Шығармалар: Үш томдық Т.2, 3. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.

### Нәзір Төреқұлов (1892-1937)



Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, елші, ғалым Төреқұлов Нәзір 1892 жылы Түркістан маңындағы Қандоз деген жерде туылған. 1900-1903 жылдары Қоқандағы медреседе, 1903-1905 жылдары осындағы орыс-түзем школында, 1905-1913 жылдары Қоқан коммерция училищесінде, 1913-1916 жылдары Мәскеу коммерция институтының экономика факультетінде оқыған. 1916 жылы Минскіде Батыс майданындағы «Земсоюзда» нұсқаушы болған. Сол жылы «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрған. 1917 жылы Орынборда өткен I Жалпықазақ сиезіне қатынасқан. Сол жылы бүкілресейлік «Земсоюздың» Торғай облысындағы нұсқаушысы, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің редакторы (Орынбор), Қоқан совдепі ревкомының хатшысы, «Халық сөзі» газетінің редакторы (Қоқан), 1918-1919 жылдары Ферғана облыстық ревкомының төраға орынбасары, төрағасы, халық ағарту комиссары, осы жылы Түркістан ОАК мүшесі, 1920 жылы Түркістанның халық ағарту комиссары, «Вестник просвещения и коммунистической культуры» журналының редакторы, 1920-1922 жылдары Түркістан ОАК төрағасы, сол шақтағы барша сиездерге қатысушы, 1922 жылы КСРО халықтары орталық баспасы басқармасының төрағасы (Мәскеу), 1923 жылы осында



«Темірқазық» журналының редакторы қызметтерін атқарады.

Түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиін латын әліпбиіне көшуді жақтады. Аталмыш баспаға жетекшілік жасаған жылдарда Қазақстаннан шеттелген Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, Ә.Байділдинге жұмыс тауып беріп, оларға баспана жағынан көмек көрсеткен. Қазақ тілінде «Темірқазық» атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев секілді қазақ зиялыларын тартты. 1920 жылы КСРО халықтары Орталық баспасынан қазақ бөлімшесін ашып, оның жұмысына Алаш қозғалысының қайраткерлерін тартқан. М.Жұмабаевқа үлкен қамқорлық көрсеткен.

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының бірінші сиезіне қатынасады. 1922 жылы жаңа түрік әліпбиін енгізу комиссиясының төрағасы болып сайланады. 1926 жылы Бакуде түріктанушылардың сиезіне қатысып, латын қарпі туралы сөз сөйлейді. 1928 жылы Орталық жаңа түрік әліпбиін енгізу комиссиясының құрамына енеді. 1928 жылы Сауд Арабиясындағы КСРО-ның бас консулы, КСРО-ның осы елдегі төтенше елшісі және өкілетті министрі болып тағайындалады. 1936-1937 жылдары Москва мен Ленинградта Шығыс халықтары институтының ғылыми қызметкері, оқу ісі жөніндегі проректоры. Н.Төреқұлов қайраткер ғалым ретінде отандық тіл білімі саласына үлкен үлес қосты. Оның «Жат сөздер», «Ұлт мәселесі және мектеп», «Қазақ-қырғыз үшін жаңа әліпби» сынды еңбектері мен өзге де мақалаларында емле, әліпби, терминология жүйесі ғылыми негізде талданып отырады. Сондай-ақ, қаламгердің әдебиет туралы пікірлері де ерекше. Ол С.Сейфуллиннің «Асау тұлпар», «Бақыт жолына» атты шығармаларына, өзбек қаламгері А.Қадыридін еңбектеріне сын жазды. Өзбектің «Инқилоб» атты журналына жазған ислам діні, жәдитшілдік, Түркістан тарихы туралы мақалалары ғылыми нақтылығымен көзге түседі. Қайраткер 1937 жылы 15 шілдеде ұсталып, 3 қарашада атылған.

### Әдебиеттер:

Төреқұлов Нәзір / Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.397

Төреқұлов Нәзір / Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – Б.314-315

Мансұров Т. Нәзір Төреқұлов – Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы елшісі. – Алматы: “Зерде” баспасы, 2011. – 640 б.

Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. – Алматы: Ан-Арыс, 2010. – 424 б.

Төреқұлов Н. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: “Ел-шежіре”, 2007. – 256 б.

Төреқұлов Н. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.3. – Алматы: “Ел-шежіре”, 2007. – 288 б.

Төреқұлов Н. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.2.- Алматы: “Ел-шежіре”, 2007. – 240 б.